

## **Халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі нұсқаулық туралы**

Қостанай облысы Меңдіқара ауданын Әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 32 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданын Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 ақпанда № 9-15-104 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағының негізінде, халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларды қабылдау мақсатында Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі нұсқаулық туралы" Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 20 наурыздағы № 137 қаулысының (мемлекеттік тіркеу нөмірі № 9-15-35, "Меңдіқара үні" аудандық газетінде 2006 жылғы 18 мамырда № 21 жарияланған) күші жойылды деп есептелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. К. Киікбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Нұрғалиев*

Ә к і м д і к т і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 3

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 32 қаулысымен бекітілген

## **Халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) халықтың нысаналы топтары ішінен жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін

әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін белгілейді, әлеуметтік жұмыс орындарын беретін ұйымдармен (меншік нысанына қарамастан) есеп айырысудың негізгі шарттары мен жүйесін реттейді.

2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік жұмыс орны – жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қабылданған қызметкерлердің еңбекақысын төлеуге жұмыс берушілердің шығындарын ішінара өтеп, халықтың нысаналы топтары ішінен жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілердің жазбаша келісімімен берілетін жұмыс орны;

2) нысаналы топтар - жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды талап ететін "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген адамдар топтары;

3) "Жастар тәжірибесі"- практикалық тәжірибе, білім, біліктілік және білімділік алу мақсатымен жастардың кәсіптік білімінің бастауыш, орта және жоғары буынының түлектерін әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастыру.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заң актілері тарайды.

4. "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтары ішінен жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.

## **2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және жұмысқа орналастыру тәртібі**

5. Әлеуметтік жұмыс орындары мәслихаттың шешіміне сәйкес тиісті бюджеттің қаражатынан осы жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге шығындарын ішінара өтеп, өз қаражатынан қаржыландырылып, жұмыс берушілермен белгіленеді немесе беріледі.

6. "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтары ішінен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге шығындарын ішінара өтеп төлеуге қызметтерді көрсету бойынша жұмыс берушілермен шарттар жасайды.

7. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруды және олардың еңбекақысын төлеуге тағайындалған бюджеттік қаражатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында аудандық әкімдік халықтың нысаналы топтары ішінен жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын беретін немесе құратын ұйымдардың тізбесін жұмыс берушілердің жазбаша келісімімен белгілейді.

Егер еңбекақыны төлеуді қаржыландыру жұмыс берушілердің өз ақшасынан емес тиісті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылса әлеуметтік жұмыс орындарын беретін немесе құратын ұйымдар тізбеге ене алмайды.

8. Ұйымдарда әлеуметтік жұмыс орындарына жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келісіміне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға нысаналы топтарға кіретін аз қамтылған жұмыссыздар басымдық құқыққа ие.

### **3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері және шарттары**

10. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу жеке еңбек шартының жағдайларына сәйкес ай сайын жұмыс берушілермен жүзеге асырылады және орындалған жұмыстың санына, сапасына және қиындағына б а й л а н ы с т ы .

Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған адамдардың еңбекақысын төлеуді қаржыландыруға қаражат аудандық мәслихаттың сәйкес шешімімен бюджетте к ө з д е л е д і .

11. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге жұмыс берушілердің шығыстары алты айдан көп емес мерзімде ең төмен жалақыдан 100 пайыз көлемінде, төрт айдан көп емес мерзімде "Жастар тәжірибесіне" жіберілген оқу орындарының түлектері үшін ең төмен 100 пайыз көлемінде мәслихаттың шешіміне сәйкес тиісті бюджеттің қаражатынан өтеледі. Бюджеттік қаражатты аудару жұмыс берушілердің есеп шоттарына жүргізіледі.

12. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға мәслихаттың шешіміне сәйкес тиісті бюджеттің қаражатынан төленетін жалақы заңнамада белгілеген тәртіппен салықпен салынады.

13. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу нақты орындалған көлемге жүргізіледі.

14. Жұмыс берушілер мәслихаттың шешіміне сәйкес тиісті бюджеттің қаражатынан ақшалай түсімдерді әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге өз шығындарын өтеуге пайдаланады.

### **4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бақылау**

15. Халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі нұсқаулығын сақтауға бақылау заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК